

**А.Қ. Қасымов** 

ф.ғ.к., аға оқытушы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: [aitmuhambetkasymov@mail.ru](mailto:aitmuhambetkasymov@mail.ru)

## САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТ

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты. Аймақ басылымдарының тарихы арқылы ел тәуелсіздігі кезеңіндегі қазақ баспасөзінің өзіндік даму бағытын, қалыптасу ерекшелігін сараптау, олардың жалпы қазақ баспасөзінің дамуына қосқан үлесін айқындау. Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің беттерінде, еліміздің Тәуелсіздігі кезеңінен бұрын мүлде дерлік жазылмайтын тақырыптар негізінде жарияланған мақалаларға талдау жасалды. Мақаланың әдіснамалық негізі. Бұл ғылыми мақаланы жазу барысында Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінде ел тәуелсіздігі кезеңінде жарияланған материалдардың ең маңызды, мазмұнды, өткір жарияланымдарының барлығы дерлік қамтылды. Көрнекті ғалымдардың, жазушылардың еңбектері ғылыми дәйек ретінде пайдаланылды, сонымен бірге қоғамдағы саяси өзгерістерге қатысты келелі пікірлерін білдірген журналистердің зерттеу еңбектері негізге алынды.

Негізгі нәтижелері. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында баспасөз беттерінде қауырт көтерілген бұрынғы «жабық» тақырыптар – саяси, рухани теңсіздік, ұмытыла бастаған дін, салт-дәстүр, тіл мен өнер, кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргін, сол кезеңде «иесіз қалған» Одақ әскері жайлы, жер дауы сияқты материалдарға шолу жасала отырып, қазақ журналистикасының тарихы мен тағдырына тікелей қатысты, дүние қойнауына сіңіп бара жатқан көптеген мәліметтер мен деректер, оқиғалар мен тағдырлар анықталып, ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ журналистикасы тарихында игерілмей, ғылыми ой елегінен өткізілмей келе жатқан тақырыптар әлі де аз емес. Соның бір парасы – жергілікті басылымдар тарихына қатысты іздеу, табу, саралау, жүйелеу, тұжырымдау. Облыстық «Дидар» газетінде жарияланған ұлтаралық шиеленісті қарым-қатынас тақырыбындағы нақты материалдар негізінде автор оқырмандарға Республика тәуелсіздігінің кейбіреулер айтып жүргендей ешбір дау-дамайсыз орнай қалмағандығын, бұқаралық ақпарат құралдарының бетіндегі шиеленісті ақпараттық айқаспен келгендігін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** «Дидар» газеті, тәуелсіздік, ұлтаралық қарым-қатынас, «жабық» тақырыптар, ақпараттық айқас.

A.K. Kassymov

Cand. Sc. Philology, Senior Lecturer East Kazakhstan State University named after S.Amanzholov,  
Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: [aitmuhambetkasymov@mail.ru](mailto:aitmuhambetkasymov@mail.ru)

### Regional newspaper in the time of political and social changes

**Abstract.** The main objective of this paper is to identify typical for Kazakh newspaper patterns and interlinks, through studying the history of a regional newspaper in the period of establishment of the independent Republic of Kazakhstan. Publications have been analysed of the East Kazakhstan Regional newspaper “Didar” on the earlier banned topics i.e. ones published before the Republic of Kazakhstan obtained its independence. While analysing materials published in abundance in mass media within the first years of Independence on the earlier “banned” topics such as political and religious inequalities, forgotten national traditions, religion, mother tongue and art, unknown to people repressions of the Soviet period, orphaned then Soviet Union Army, land disputes etc. Author is applying methods of analysis, historical comparison, summarizing, and synthesis.

**Key Findings.** There are still many topics in the history of Kazakh journalism that have not been grasped and studied in scientific context. One of such lines is deeper scientific study of the history of regional mass media through searching, tracing, analysing, systematising and making conclusions on their latest materials broken down by periods and themes. The author reveals a lot of information and facts, events and lives closely connected to the history of Kazakh journalism, and introduces them into the science.

**Value of the Survey.** Based on the overview of published ethnic discord related materials, originated through democratic reforms and cancellation of censorship prior to proclamation of Independence, readers of the “Didar” regional newspaper are made aware that independence in the republic has not

established itself as some people state including younger generation. Independence has been established through tough information war and conflicts on the pages of mass media. Newspaper publications have been analyzed in the period of social reforms and after the state's obtaining its independence.

**Key words:** "Didar" newspaper, independence, ethnic discord related materials, "banned" topics, information war.

А.К. Қасымов

к.ф.н., Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,  
Казахстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: aitmuhambetkasymov@mail.ru

### Областная газета в период политических и социальных перемен

**Аннотация.** Основной целью работы является выявление типичных для казахских газет закономерностей и взаимосвязей через изучение истории региональной газеты в период становления Независимости Республики Казахстан. Проведение анализа публикаций Восточно-Казахстанской областной газеты «Дидар» по запрещенным ранее темам – до периода получения государственной Независимости Республики Казахстан.

Методология. Анализируя опубликованные на страницах средств массовой информации в первые годы Независимости материалы на ранее «закрытые» темы, как политическое, духовное неравенство, забытые национальные традиции, религии, о родном языке и искусстве, о неизвестных широкой публике репрессиях советского периода, об Армии Советского Союза, оставшейся на тот период «безхозной», о земельных спорах и т.д., автор использует методы анализа, исторического сопоставления, обобщения, сравнения и синтеза.

Основные результаты. Еще много в истории казахской журналистики не освоенных, не изученных в научном плане тем. Одним из таких направлений является более глубокое научное изучение истории региональных средств массовой информации – искать, находить, анализировать, систематизировать, делать заключения актуальных материалов по историческим периодам и тематике. Автор выявляет множество сведений и фактов; события и судьбы, плотно связанные с историей казахской журналистики, и внедряет их в научный оборот.

Ценность исследования. На основе обзора опубликованных материалов о межнациональной розни, вызванной демократическими преобразованиями и отменой цензуры в преддверии провозглашения Независимости на страницах областной газеты «Дидар», показывается, что Независимость в республике не установилась сама по себе, как утверждают некоторые люди и молодое поколение, а была получена в процессе жесткой информационной борьбы и конфликтов на страницах СМИ. Проведен анализ публикаций газеты в период социальных преобразований и после приобретения государством независимости.

**Ключевые слова:** газета «Дидар», независимость, межнациональные отношения, «закрытые» темы, информационная борьба.

### Кіріспе

Газетті өмірдің айнасы десек, сол айнадан қоғамның белгілі бір кезеңдеріндегі даму процесстері айқын көрініп отырады. Бұған дейін 37 жыл иеленіп келген «Коммунизм туы» деген атынан құтылып, ұжымның ұйғарымымен 1990 жылғы 27 қарашада атауын өзгерткен Шығыс Қазақстан облыстық газеті еліміздің егемендігін, мемлекетіміздің тәуелсіздігін жана, «Дидар» деген атаумен қарсы алған еді. Бүгінгі ұрпақтың кейбір өкілдеріне Тәуелсіздік ешқандай қиындықсыз, өздігінен келген сияқты көрінуі де мүмкін. «Дидар» газеті бас редакторының орынбасары қызметінде жүріп, осы мақаланың авторы 1991 жылғы 10 желтоқсанда Алматыдағы Республика сарайында өткен салтанатты жиынға қатысып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы атауының Қазақстан Республикасы болып өз-

гертілуіне, Елбасының ант қабылдап, сөз сөйлеуіне куә болған болатын. КСРО-ның тарауы мен одақтас республикалардың Тәуелсіздікке қалай қол жеткендігі туралы АҚШ-тағы Колгейт университетінің профессоры, Орта Азия мен Каспий аймағы мәселелерінің маманы Марта Брилл Олкотт өзінің пікірін былайша білдіреді: «Шамасы, әр түрлі кеңестік республикалардың президенттері Мәскеумен келіспеушілік туралы екіұшты пікірде болған, бірақ 1991 жылдың желтоқсанына қарай саяси мақсатқа сай болу оларды тәуелсіздікке ұмтылуға мәжбүр етті. Іс жүзінде, таңдау болған жоқ, Қазақстан басшылығы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздік жариялады. Қазақстан мұны жасаған соңғы республика болды: оның парламенті Ресей, Беларусь және Украина КСРО құрамынан шыққаннан сегіз күннен кейін ғана тәуелсіздік үшін дауыс берді» (Олкотт М., 1997: 54).

Саясатқа тереңдемей, экономикалық қиындықтарға тым бойламай, газет жарияланымдарын негізге ала отырып, біз сол кезеңдегі «Дидардың» бетіндегі «ақпараттық айқастың» қандай деңгейде, қалай орын алғандығына қысқаша тоқталып өтуді жөн көрдік.

Сексенінші жылдардың соңында дүниедегі ең бір «күдіретті» деп аталып жүрген елдердің бірі – Кеңестік Социалистік Республикалардың «мызғымас» Одағы ыдырап, тәуелсіз мемлекеттер пайда болды. Мұндай аса ірі қарусыз төңкеріске бірқатар саясаткерлер «ақпараттық төңкеріс» деп ат қойып, айдар тағып жүр. Сол кезеңдегі түрлі көзқарастағы әр түрлі топ өкілдерінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзара қырық пышақ болып «соғысып» жатқандығын ой елегінен өткізіп, екшеп, талдасак, бұл аса ірі қоғамдық өзгерісті шын мәнінде «ақпараттық төңкеріс» деп айтуға әбден болатын сияқты. Сол бір аласапыран кездері қазақ елінің қаншама ғасыр ата-бабалардың білек күшімен, найзасының ұшымен қорғап келген ұланғайыр жерінен айрылып қалу қаупін де туғызған болатын. Ол жайында «Ресейге қосылу туралы әңгіме жергілікті орыс тұрғындарының арасында тарала бастады... 1989 жылдың аяғында сепаратистік бағыттағы күштердің көптеген өкілдері келді. Қазақтар жергілікті орыс халқын саясаттандырудан қауіптенді. Кешкі теледидар жаңалықтары бағдарламасынан олар бөліну қозғалыстарының эзирбайжандықтар мен армяндар, грузиндер мен абхаздар арасындағы ұзаққа созылған қақтығыстарға себеп болғанын көріп отырды. Приднестровьеде тұратын Молдавияның орыс халқы қарулы күш қолдана отырып КСРО құрамынан кетеміз деп қорқытты... Одақтың ыдырау перспективасы қазақтарға өз республикаларының территориялық тұтастығына алаңдаушылық тудырды» деп шетелдік ғалымдар да айтқан еді (Олкотт М., 2003: 51).

Сонымен, социализмнің тоталитарлық режимінен егемендікке өтер өткел М.С. Горбачевтің ғұмыры екі-үш жылдық қайта құру деген кезеңі болды. Міне, сол бір аласапыран, аумалы-төкпелі кезеңде-ақ халықтың көңіліндегі атой салып, алайда кеңестік цензураның бөгетін бұза алмай жүрген көптеген көкейкесті тақырыптар мемлекетіміздің егемендігі туралы Декларация қабылданар тұста, қабылданған соң бөгеуін ағытып жіберген тасқын судай түрлі деңгейдегі қазақ тілді басылымдар бетіне лап қойды. Олардың басты-бастылары: ұлтымыздың саяси, рухани теңсіздігі; тарихымыздың, дініміз бен салт-дәстүріміздің шетқақпайланып, ұмытыла

бастауы; тіл мен өнер; кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргін; сол кезеңде «иесіз қалған» Одақ әскері жайлы, жер дауы сияқты ілуде бір көтерілетін сирек тақырыптар еді.

Жалпы баспасөздегі ұлтаралық рухани қақтығыс мәселесінің бұған дейін жабық болып келуіне және бұл мәселе көтерілген жерде мұнымен іркес-тіркес өзге де өзекті мәселелердің бірге көтерілетін заңдылығы барлығына ғалым Н. Кенжеғұлова былайша түсініктеме береді: «Журналистиканың аз зерттелген қырының бірі – кеңестік қоғамда орын алған, бірақ кеңестік баспасөзде объективті түрде жазуға мүмкін болмаған тартысты жағдайлар, әсіресе ұлтаралық қатынас мәніндегі мәселелер болып табылады. Оған ең алдымен тоталитарлық жүйенің идеологиясы, екіншіден бір партиялық жүйеге бағынған сол кезеңдегі журналистиканың ұстанымы жол бермеді. Ұлтаралық қатынас сияқты күрделі проблемаларды жария етуде журналистика, сөз жоқ, саясат, экономика, тарих, этика, этнология, психология және басқа да теориялық және практикалық пән салаларымен өзектесе сабақтасады. Сондықтан БАҚ проблемаларын қоғамның өзге проблемаларынан дербес қарастыруға болмайды» (Кенжеғұлова Н., 2000).

**Материал мен әдістер.** Саясат тақырыбы қазақ халқының төрттен бірін ғана құрап отырған Шығыс Қазақстанда «қара қазан мен сары баланың қамынан» гөрі әлдеқайда өткір тұрған еді ол кезде. Орыс ұлты басым аймақ болғандықтан өңірде бұл тақырыптардың алдыңғы орынға шығуы заңды да болатын. Өйткені табысты молайту үшін жалқыны «егіз», жартыны «бүтін» деп көрсеткен «даурықпа ұраншыл» социализм кезінде екі ұлттың өкілі тұрмыс құрса «халықтар достығы» деп жар салдық. Тіпті ұлттар мен ұлыстар, бірқатар халықтардың дәстүрі мен тілі құрдымға кетіп құрып бара жатса да ешкім жақ аша алмай, томаға тұйық қалпында қалатын.

Қатал жүйенің тоңы жібіп, «мызғымас Одақтың» тағаны шайқала бастаған соң ондаған жылдар сыздап келген осынау бітеу жараның аузы ашылып, бұрынғы «жабық» тақырыптарға жазылып, редакцияға жолданған хаттар легі молая түсті. Міне, көпшілік ұлтжанды оқырмандардан редакция поштасына ағылып келіп жатқан хаттар мен материалдарды талдау, салыстыру, жүйелеу әдістері арқылы сол кезеңдегі ел ішіндегі ахуалды нақты елестетіп, сезінуге әбден болады. Оқырмандардың қанын қарайтып, намысын қамшылай түскен – дәл сол

кезендегі Н. Петрушенко, С. Васильева сияқты КСРО Жоғарғы Советінің ең соңғы сайланған депутаттарының сандырағы, жергілікті тарихшы Н. Соболиннің мақалалары, құрамында бірекі қазағы бар Өскемен қалалық кеңесінің кейбір шешімдері еді. Бұл жайлы нақтырақ айтар болсақ, полковник Петрушенко: «Атом сынағының табиғатқа да, адамға да ешбір зияны жоқ. Қорғаныс қабілетімізді арттыру үшін Семей сынақ полигоны ауадай қажет» деп соқты. Ал С.Васильева облыстық «Рудный Алтай» газетіндегі «Асығыстық керек пе?» деген мақаласында «Шығыс Қазақстан ежелден орыстардың жері, қазақ тілі мемлекеттік дәреже алса, мұндағы орыстардың күні не болмақ?!» деп зар иледі. Мұның барлығын «Импульс» хабаршысындағы Н. Соболиннің «Ресей аймағы» деген материалы одан сайын ушықтыра түсті. Онда ол: «Ертіс өңірі бос жатқан иен, ешкімнің жері емес. Мұнда қала салған – орыстар» деп қазақ жеріне көз артты.

«Қазақстанда тәуелсіздік тақырыбында бір бағыттағы тегеурінді әңгімелер болған жоқ. «Азат» пен «Алаш» қозғалыстарының шағын ұлтшыл топтарының қызметі, сәйкесінше, мәдени және діни тәуелсіздікке бағытталды, – деп жазады сол кезеңдегі Қазақстандағы жағдай туралы ұлтаралық қатынастар мәселесін зерттеуші шетелдік ғалымдардың біразы, – жайшылықта да әрдайым сақ жүретін қазақтар Геннадий Колбиннің ұлтшылдық наразылығының кез келген көрінісі үшін аяусыз жазалай бастауынан кейін одан сайын абайлап, сақ жүретін болды. Кейбіреулер тіпті Колбин билікте болған 1987-1988 жылдарды 1937-38 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін саясатымен теңеді. (Рюэль Р.Хэнкс., 2005, 179).

Еліміздің Шығысы «Таулы Карабахқа» айналса да қыңқ етпейтін мұндай ұлт араздығын қоздырушыларға облыстық «Дидар» газеті арқылы білікті ғалымдар, парасатты оқырмандар, журналистер ұстамды, байыпты да дәлелді жауаптар бере білді.

**Ғылыми әдіснама.** Саясаткер-журналист М. Құмарбеков өзінің «Тарихи шындықты бұрмалау кімге қажет?» (Құмарбеков М., 1990) деген мақаласында «әрине, көшпенділердің бір жерге қала салып, отырықшы болмағаны шындық. Өзінің жеріне ол жыл маусымына қарай күзеу, қыстау, жайлау сияқты әр мезгілде келіп отырмаған. Ол жеріне белгі салып межелемеген де. Сондықтан қазақтың өз арасында «жер дауы» болып тұрған», – дей келе, «Әбілхайырдың да, Абылайдың да келісімінсіз 1715 жылы

Омбы қорғанын, 1718-20 жылдары Семей мен Өскемен бекіністерін салған патша жасақтары басып алушылар тобыры екендігін, ал бертінірек, 1921 жылы Меңдешов бастаған 40 адамнан тұратын комиссия Омбыда бір ай жатып дәлелдеп, Совнаркомға, Лениннің алдына мәселе қойып, қазақ жерін түгелге жуық өздеріне қайтарып алған», – деп нақты ғылыми тұрғыда дәлелдейді...

Ол кезде оппозициялық, сынар езу газеттер көп емес еді, мемлекеттік орыс газеттері іштей құптап отырғанымен, ашық ұлтшылдық материалдарды басуға жасқанатын. Алайда бүкіл бір халықтың егемендігіне деген қызғаныштың қызыл иті іштерін тырналап, маза бермеген Шпарага, Агарков сияқты «Демократиялық таңдау» деп аталатын депутаттық топ Өскеменде кәдімгідей белсенді түрде астыртын жұмыс жүргізуге көшіп, листовкалар басып, таратты.

Онда «Қазақстан Президентінің ұстанып отырған позициясы ешқандай күдік қалдырмайды: республиканың егемендігі оның аумағында ұлттық большевизмнің қорығын құру үшін пайдаланылмақ. Ұлттық-большевиктік реакцияның бетін қайтару үшін бірігейік» дей келіп, «Тәуелсіздік жөніндегі декларация» тек қазақ ұлтының мүддесін көздеген, ал «Тіл туралы заң» республикадағы нақты демографиялық жағдайды ескермей қабылданып отыр деген тұжырымдар жасайды.

Облыстағы ашық та жасырын өршіп кеткен ұлттық мәселе әшейінде марғау жүретін біраз халықты оятып, облыстық баспасөзге жолданған жер, ұлт, салт-дәстүр, тарих мәселелерін қозғаған хаттар легі еселей көбейді.

Тарбағатай ауданында тұрушы орыс, украин, эстон, молдован ұлты өкілдерінің КСРО халық депутаттары С. Васильева мен Н. Петрушенко бастаған топқа хатында («Ағайындарға ашық хат», «Коммунизм туы», 24.09.90 ж.) салмақты да салиқалы ойлар айтылады. «Сіздердің халық үшін қандай қызмет жасап жүргендеріңізді анық айта алмаймыз. Ал біріңнің Семейдегі атом апатын дәріптеп, біріңнің Шығыс Қазақстан облысының бір бөлігін Ресейге қосу идеясын ұсынып, құрақ ұшып жүргендеріңізді жақсы білеміз... Сіз бен біз суын ішіп өмір сүріп отырған қасиетті жер қазақтікі емес пе! Қазақтың ұшантеңіз кең даласын сол қазақтардың өздері қорғап көз жұмған. Сол бір батыл да батыр рух бүгінде олардың ұрпағының қанында атой салып тұр... Басқаларды айтпағанда Республика Президенті Н. Назарбаев «Күшіміз – достықта» деп құшағын жайса, сіздердің ұлттық-территориялық



басқарма құру үшін жанталаса үндеу қабылдап, теріс қарауларыңыз қалай? Егер Балтық бойындағы республикалардағыдай орыстарға қысым жасап, өз ұлтын ғана іріктеуге ұмтылып отырса, онда бір басқа... Бізге бейбітшілік, достық, татулық, тыныштық керек. Айрандай ұйып отырған ортамызға лаң салмаңыздар!..» – деген ашулы хатқа алты ұлттың өкілдері қол қойған.

Әсіресе осы ұлтаралық қатынас мәселесіндегі конфликтілік жағдайлар кеңестік қоғамда жабық тақырып болғаны аян, мұны баспасөз бетінде көтеру мүмкін емес еді. Қоғамның өзге де салалары сияқты ол кезеңнің баспасөзі де бір партиялық жүйеге бағынышты, тәуелді еді. Әрі ұлтаралық қатынас тақырыбы сол қоғамның экономикасы, тарихы, демографиясы сияқты барлық салаларында қордаланып жатқан лас саясатты қазбалайтын болғандықтан ақпарат құралдары оған жолай алмады. Бірақ, халқының мүддесін ойлаған жекелеген ұлтжанды азаматтар әр кезеңде де болған ғой. Ел құлағы көп құлағдар болмаған сондай бір азамат жайлы «Коммунизм туы» газеті «Тәлкекке түскен тағдыр» (Шаяхметов М., Құмарбеков М., 1991) атты көлемді мақалада жан-жақты баяндайды.

Хабаровск қаласында оқып, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болып шыққан, Күршім ауданындағы қатардағы ауыл мұғалімі, Ұлы Отан соғысына қатысқан Мұбарак Елікбаев мектепте істей жүріп, аяқ аттасаң шалуға дайын тұратын Кеңестік жүйенің әділетсіздігіне шыдай алмай, 1957 жылы сол кездегі Кеңес елінің басшысы Н.С. Хрущевке хат жазады. Хаттың қысқаша мазмұны мынадай: «Ең алдымен одақтас Компартиялар арасында теңдік жоқ. КПСС съезіне делегаттар сайлағанда одақтас республикалар делегаттарының саны РСФСР облыстарының делегаттарымен шендестіріледі. КПСС ОК Саяси Бюросында әрбір ұлттың өкілдері болуы қажет. Қазақстан басшысы қазақ болуы керек. Сіздер Пономоренконы, одан кейін Брежневті, Яковлевті, Беляевті жібердіңіздер. Бұл қазақ кадрларына сенбегендік пе, әлде ұлттық кадрларды әзірлеуге мән бермегендік пе? Одақтас республикалардың компартиясы, орталық комитеттері бар. РСФСР-де компартия жоқ, орталық комитеті сайланбайды. Съезі шақырылмайды. Мұның себебі не? Совет Одағы барлық елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасайды. Соларда қазақтан бірде-бір елші жоқ. Шет елдерден жаңалық хабар жеткізіп тұратын қазақ газет-журналдарының тілшісі жоқ. Одақ басшыларының барлығы орыстар.

Қазақ халқы ана тілінен айрылуға айналды. Сондықтан Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл болуға тиіс. Совет Одағы орнаған қырық жыл ішінде қазақтардың саны екі есе азайып кетті. Қазақ тілінде оқытатын бір ғана институт бар, онда да оқулықтар жетіспейді. Кәсіптік-техникалық училищелердің барлығы сабақты орысша оқытады. Әрбір одақтас республиканың өзіндік ұлттық әскері болуы тиіс. Дінге бостандық беру керек, ақша реформасы...!» тағы басқа көптеген мәселелер қозғалған.

Осы хат жазылғаннан кейін үш айдан соң Мұбарактың аты жер өртегендей ду етіп шыға келеді, соңына қуғын түсіп, «ұлтшыл» атанып, жұмыстан қуылып, жергілікті жындыханада азапталып, абақтыға қамалып, Ленинградтағы Қылмыстық кодекстің 58-статьясы бойынша (*саяси сенімсіздер*) емделетіндердің арнаулы жындыханасына жатқызылады. Содан мүгедек болып оралған М. Елікбаев өмірінің соңына дейін үкіметтің «сол қабағынан» құтылмай, «жұмыссыздарды өзі іздеп жүретін» дәуірлеген социализм заманында Ақтөбе, Шымкент, Алматы облыстарынан жұмыс таба алмай сандалып, Большенарым ауданындағы өзінің ауылы – Көктерегіне қайта оралады...

Мұбарак ақсақалдың өзімен жолығып, әңгімелесіп жазылған бұл хикаят оқырмандар арасында көптеген пікірлер тудырды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Елікбаевты тұтқындауға қатысқан бұрынғы қызметкері Қ. Нұржақыпов «Нақтылы деректерге жүгінсек» деген қарсы мақала (Нұржақыпов Қ., 1991), оған Елікбаев жауап хат жолдап, өзге оқырмандар да пікірлерін білдіріп, бұл тақырыптың жаңғырығы біраз уақытқа созылды.

Ұлттық баспасөз беттеріне егемендікпен ере келген тақырыптардың тағы бір тобы – осы уақытқа дейін жалғасып, тереңдей жазылып келе жатқан салт-дәстүр, тіл, экология, радиациялық полигон зардабы, Желтоқсан жаңғырығы сияқты өзекті мәселелер болды. Жекешелендіру сияқты экономикалық реформалардың дұрыс жүрмеуінің кесірінен белең алған жұмыссыздық, қылмыс, әсіресе ауыл адамдарының жүдеу тұрмысы, базар жағалаған халық туралы да газет беттерінде аз жазылған жоқ.

Дәл сол кездегі ТМД елдері мен Қазақстандағы ұлттық саясат туралы шетелдік қаламгерлер мен ғалымдар да аз жазған жоқ. Саясаткер Динг Дениз өзінің «Пост-советтік Қазақстандағы ұлттық саясат» деген зерттеу еңбегінде кеңестік және посткеңестік кезеңдер арасындағы Қазақстанның ұлттық саясатының сабақтасты-

ғын жан-жақты талдауға әрекет жасайды. Кеңестік өткенге келетін болсақ, ұлттық саясаттың кеңестік үлгісі Қазақстанда терең тамырланған. Кеңестік ұлттық саясаттың үлгісін ескере отырып, бұл зерттеу оның құрылымын орыс гегемониясындағы теңестірушілер арасында бірінші болып тұжырымдайды. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық құрылысының барысын бағалай отырып, бұл зерттеу қазақтардың өсіп келе жатқан титулдық гегемониясына назар аударады. Басқаша айтқанда, бұл зерттеу ұлттық құрылыстағы толқулардың этникалық және азаматтық аспектілерін ескере отырып, теңдіктер арасындағы өзгерісті талдауға тырысады (Динг Дениз М., 2010. 141).

**Әдебиетке шолу.** Әрбір халықтың, ұлттың тарихында өзінің аса маңыздылығымен ғасырға пара-пар оқиғалар болады. Ел тарихындағы ауыр жүкті көтерген сондай оқиға – 1986 жылғы Желтоқсан. Ел тарихынан ойып тұрып орын алатын бұл өзекті тақырып туралы әр түрлі жанрда жарияланымдар, зерттеулер, кітаптар аз жазылған жоқ. Біз тандап алған тақырыбымыздан алшақ кетпей, сол Тәуелсіздік кезеңінде баспасөз беттерінде, оның ішінде зерттеліп отырған «Дидар» газетінің беттерінде жарық көрген кейбір материалдарға тоқтала кетейік. «... Көтеріліс демократиялық бағытта, тоталитаризмге қарсы, орталықтандыруға қарсы, ұлттық бостандық үшін колониализмге қарсы, прогрестік сипатта болды. Осы тұрғыдан алғанда Желтоқсан көтерілісін тек әлеуметтік қозғалыстың бастауы деп емес, «реформаторлық қозғалыстың» басы деп бағалауға болады» (Кекілбаев Ә., 1996) деп жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев бұрын оқиға деп қана айтылып жүрген Желтоқсанды көтеріліс деп алғашқылардың қатарында атаса, бүкіл ұлтымызға «ұлтшыл» деген кінә таққызған осынау көтерілісті көп зерттеп, деректі роман жазған ақын Мұхтар Шаханов ол жөнінде былай дейді: «Болған оқиғаның тоны толық теріс айналдырылып, бар кінә жастарға ауды. «Бармасаң да бардың!», «Істемесең де істедің!» деп мойындататын айла-шарғының ерекше қатыгез түрі алға шықты. Соның бірі – куәлердің қолымен от көсеу. Оларға суреттерді көрсетіп, «Мына адамды таныған боласың, мына жерде мынадай бұзақылық істегенін мойындатасың» деген тәсіл (Шаханов М., 2004).

Тоталитарлық жүйенің күшімен әбден жаншылып қалған бұйығы режимдегі қуатты жарылыстай болып, қазақ халқының ғана емес, Кеңестер Одағы деп аталған орасан империяның да бұдан кейінгі тағдырына елеулі ықпал еткен

Желтоқсан жайлы айтылған жоғарыдағы пікірлер мен берілген бағалар бертін, еліміз Тәуелсіздік алып, егеменді мемлекет болған кездері ғана айтылып, жазылып жүрген пікір, бағалар. Өйткені, Қазақстанды қырық жыл басқарған Қонаевты он бес минуттық төтенше құпия пленумда орнынан алып тастап, Колбин деген белгісіз, Қазақстанға еш қатысы жоқ біреуді қоя салған 1986 жыл әлі де болса аузыңды өз еркіңше аштырмайтын «Кеңестік, Компартияның заманы» болатын. Тәуелсіздікке дейінгі кезеңде баспасөз Желтоқсан жайлы биліктің нұсқау-мақұлдауымен ұсынылып, цензураның қатал сүзгісінен өткен материалдарды ғана жариялауға құқылы болды. Ал енді «Коммунизм туы» сияқты облыстық деңгейдегі газеттер тек ҚазТАГ материалдарын немесе біртектес айдарлармен берілген егіздің сыңарындай қасаң мақалалар, қысқа хабарлар мен ақыл-кеңеске толы шолуларды ғана жариялап тұрған болатын-ды.

Іштері қыж-қыж қайнағанымен, Алматыдағы «бұзақылар ереуілінің» өзге өңірлерге ешқандай қатысы болмағандай әсермен БАҚ-тар бұл кезде «ауыздарын құлыптап» жүрді. Оның есесіне Одақтық орталық «Правда» газетінде тұтас қазақ халқына жабылған «ұлтшылдық» жаласы алынып тасталған соң ақырын-ақырын басылым бетінде өзгешерек сипатта көтеріле бастаған Желтоқсан жайлы материалдар еліміз егемендігін алған алғашқы жылдары ересен ашу-ызамен, молынан жариялана бастады.

«Талай жастың көз жасымен жуылған 1986-ның желтоқсаны исі қазақтың жүрегінен әсте кете қоймас. Соның бір түкпірінде Тарбағатай ауданындағы Ақмектеп ауылының тумасы, Өскемендегі педагогикалық колледжде оқып жүріп, 16 жасында 1986 жылғы 26 желтоқсан күні қорлыққа шыдай алмай көз жұмған Сәбира Мұхаметжанова да жатыр» деп жазады қыршын кеткен қыз-ғұмыр жайлы журналист Д. Аллабергенұлы (Аллабергенұлы Д., 2003).

Семей облысы, Аягөз ауданының тумасы, ҚазМУ-дың заңфакультетінің 4-курс студенті Бақыт Орақбаевтың сонау Желтоқсан ызғырығында төрт күн тергеу изоляторында жатып шыққандағы қорлықтары баяндалады. Басты кейіпкер – бүгінгі күні Зайсан ауданының прокуроры (Бапинов Т., 2002).

«Көкала мұз алаңды көрген сайын көз алдымда Желтоқсан жаңғырады...» – дейді жүрегін жалау, намысын алау еткен ұл» деп жазады журналист Ә. Қаңтарбаев өзінің Желтоқсан көтерілісіне қатысқан аягөздік студент, бүгінгі күні Республика Парламентінің депутаты, елімізге

есімі танымал белгілі кәсіпкер Нұртай Сабильянов туралы (Қаңтарбаев Ә., 2002).

Бұл орайда тағы да бір ерекше тоқталып өтетін келесі жайт, егемендік алғанымызбен тереңге жайылған Одақтың тамырларынан көп мәселеде әлі ажырамағандығымыз еді. Соның бірі Армия болатын. Кеңестер Одағының кез келген түкпірінде қызмет етіп жүрген жастарымыздың санасына да Одақтың ыдырауы үлкен әсер етті. Соның салдары сияқты болып бейбіт кезеңде опат болған солдаттар санының күрт өсіп кетуі еді. Баспасөз беттерінен бұл тақырып та тыс қалған жоқ.

«Сегіз ай сенделіп, әскердегі баламды іздеп жүрмін, – деп жазады өскемендік зейнеткер Айтқазы Асқабылов (Асқабылов А., 1991) – ешбір жерден нақты көмек жоқ. Әскери бөлімдегілер «балаң қашып кетті, өзің іздеп тап» деп өзіме ұрсып, қорлады».

«Жуықта Кеңес Армиясы қатарындағы екі жастың сүйегі салынған табыты келуіне байланысты село тұрғындарының наразылық митингісі болды. 48 адам сөз сөйлеп, ойларын ашып айтты. Республиканың егемендік алғандығын, сондықтан республика аумағынан тысқары жүрген балаларын Қазақстан аумағына алдыруды, ал күзде шақырылғандарды өз елімізде қалдыруды талап етті» дей келіп, «Ауыл неге дүрлікті» (Ысқақов А., 1991) деген мақала авторы А. Ысқақов «Соңғы жылдары тек Комсомол ауылының бес баласының табыты келгендігін айтады. Митингіге қатысқандар «Талабымыз орындалмаса, әскерге балаларымызды жібермейміз!» деген үндеу қабылдағандығын жазады.

40 жылдан аса ядролық қарудың қоршаған ортаға, жан-жануар мен өсімдіктерге тигізетін әсерін бақылайтын лабораторияға айналған Семей полигонында осы мерзім ішінде 467 жарылыс өткізілген екен. «...Қару жасаушылар өз мақсаттарына жету үшін халықты неше түрлі айла-амалмен алдап келді. Көптеген халықтың жалпылай радиоактивтік сәуле ауруына ұшырайтындығына, адам денсаулығы мен табиғаттың зардап шегетініне қарамастан, қару сынала берді. Алайда, мұндай өзекті де үлкен мәселенің әр газеттің батыл көтеруіне де «қайта құру» мен «жариялылық» кезеңі өзінің оңды ықпалын тигізді. Ашынған жұртшылық басылым беттерінде ашулана дауыс көтере бастады...» (Құрманбаева, 2002). Алғашқылардың бірі болып дауыс көтерген, осы мәселені арнайы тексеруге қатысқан комиссия мүшелері – семейлік С. Дүйсенбаев пен өскемендік дәрігер Б. Рейш: «Комиссия бұл аймақ осы уақытқа дейін өздеріне келтірілген

зиян үшін ешқандай компенсация алмағанын анықтады. Жаңа Семей ауданының Знаменка селосында болдық. Бұл село полигоннан 40 шақырым жерде орналасқан. Саны жағынан онша көп болмаса да, ондағы балалардың дене бітімі мен ойлау қабілеті жағынан өте артта қалғаны бірден көзге шалынады. Аурухана өте нашар...» (Дүйсенбаев С., 1990) деп жазды. Бұл тақырып полигонның үні өшкенге дейін жүйелі жазылып келсе, «Дидардың» бетінен одан кейін де арақідік көтеріліп қоятын өзекті тақырып болды...

**Нәтижелер және талқылаулар.** Тәуелсіздікке алып келген жарқын күнге де қол жетті. 1991 жылғы желтоқсанның сегізі күні бұрынғы Одақтың Беларусь, РСФСР, Украина мемлекет басшылары Тәуелсіз мемлекеттердің достық одағын құру туралы мәлімдеме жасаған соң, 10 желтоқсанда Алматыда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің VII сессиясы өтті. Сол күні түстен кейін бүкіл халық сайлаған Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың қызметіне кірісуіне арналған Жоғарғы Кеңестің салтанатты мәжілісі болды. Сол салтанатты жиналыста сөйлеген сөзінде Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Н. Назарбаев: «Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез келген ұрпақтың үлесіне тие бермейді. Қазір біздің көз алдымызда әлемнің картасында жана мемлекеттер пайда болып, қоғамдық-саяси және экономикалық формациялар, мемлекеттік басқарудың формалары ауысуда десек, асырып айтпаған болар едік. Тарихтың жаңа оралымы сәтінде Қазақстан халықтары өздерінің батыл таңдауын – өркениетті демократиялық қоғамды таңдап алды...» деп еліміздің жаңаша даму бағытын айқындап берді.

Баспасөз бетіндегі «ақпараттық айқас» бұдан кейін тіпті өрши түсті. Сол кезеңде славян қоғамдастығының, орыстардың «Лад» қозғалысының қолдауымен, демеушілігімен Шығыс Қазақстанда дүниеге келген «Импульс», «Губерния», «Городская газета» сияқты орыс тілді газеттердің қостілділікті, қос азаматтықты, миграцияны, Ертіс бойының «ежелгі орыс жері» екендігін ту ете отырып, негізінен ұлтшылдықты қоздыру арқылы ұлттар арасына іріткі салып, ел тәуелсіздігін мойындамай, шын мәніндегі ақпараттық айқасқа шықты. Оның себебін түсіндіруге болады. КСРО тараған кезде бұрынғы Одақтас республикаларда тұрып келген 25 миллионға жуық орыс өзінің этникалық отаны – Ресей аумағынан тыс қалды. Евразия аумағындағы алдымен патшалық Ресейдің, кейін мызғымас

Одақтық мемлекеттің іргетасы саналып келген, неше ғасырдан бері өзге ұлттарға шекесінен қарап, өзінің артықшылығын, сөзсіз басымдығын сезініп келген орыстардың ұлттық санасына бұл оңай соққы болған жоқ. Жаңадан құрылған тәуелсіз мемлекеттерде шағын ұлт, тіпті диаспора атануға олар дайын емес еді.

Мұндай ақпараттық айқасты қоздыра түскен тағы бір үлкен проблема – бүгін жарияласаң ертең жаппай сөйлеп кететіндей болған қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі еді. Мемлекеттік тілді білмегендер лауазымды қызметтерге алынбайды деген лақаптар, әрине, орыстардың бойында ашық та, жасырын да қарсылық әрекеттер туғызды.

Сондықтан да облысқа тарайтын «Импульс», «Губерния», «Городская газета» сияқты орыс газеттері қандастарының Шығыс Қазақстандағы «бейшаралығын» айдай әлемнен араша сұрағандай байбаламдай жазып жатты. Бұл жергілікті газеттердің жаққан отына Ресейдегі көршілес Алтай өлкесінің кейбір басылымдары «барлық праволарынан жұрдай болған, ол елде болашағы жоқ орыстар Қазақстаннан жаппай қашып жатыр» деп отқа май құя түсті.

Мұндай жалған жасандылыққа көзі қарақты оқырмандар сабырмен қараса, қалың көпшілік өздерінің ашу-ызаларын облыстағы қазақ тіліндегі жалғыз басылым – «Дидарға» жолдап, «ана керауыздарды жөнге салсандаршы» дейді. Қазақша газетті орыстар оқымайды, сондықтан тым шектен шыққан материалдарды «Дидар» орысша талдап, әшкерелеп, өз журналистерінің күшімен ірі-ірі кәсіпорын, мекемелерге таратып та жүрді. Оған бір ғана мысал.

Ұлтшыл-шовинист, кезінде қарулы көтеріліспен Шығыс Қазақстанда Ресей автономиясын орнатпақ болып қолға түскен Пугачев-Казимирчук ұйымының белді мүшесі, Өскемен қалалық Кеңесінің депутаты, Өскеменде шығатын «Городская газета» апталығының қызметкері Н. Ивановтың сондай бір мақаласы «Литературная Россия» газетінің 1991 жылғы 45-санында «Я терпел и молчал...» деген КСРО Президенті М.С. Горбачевке ашық хаты жарияланды. Онда егемендік деп емешегі үзіліп тұрған «ергежейлі» мемлекетсымақтарды (*ТМД елдерін айтқаны* – А.Қ.) Парламенттің көкезулерінің бос сөздерімен емес, өткен ғасырдағы Оңтүстік Штаттарға А. Линкольннің әскер жібергені сияқты генералдардың қаруының күшімен бұрынғы «мызғымас Одақтың» құрамына қайтарып, Кеңестер Одағын сақтап қалу керек деген өне бойы іріңді ісікке толы, қан аңсап тұрған ойын білдіреді. Ол

неге өйтіп ашынып жазады. Өйткені, Ивановтың өз сөзімен айтқанда (*аудармасыз бергенді жөн көрдік. А.Қ.*) «...Можете ли вы представить, что чувствуют сейчас Ваши единомышленники, которые вдруг оказались против воли за границей, да еще в окружении явно враждебных «коренных» народов? ...Что должны чувствовать мы и наши жены, дочери, внучки, когда погромщиков (*Желтоқсан көтерілісіне қатысқандарды меңзегені. – А.Қ.*) объявляют национальными героями, когда разнужданный национализм обретает государственную поддержку, когда законы о языках становятся краеугольными камнями в фундаменте самого откровенного апартеида?.. Понимаете ли Вы, что устроенный Вами апокалипсис еще страшнее и безнравственнее, чем сталинские переселения – и по масштабам, и по дремучему ужасу последствий?..».

Қойыңызшы, бұрын бүкіл Одақта бытырап жүрсе де өздерін сол елдің қожайыны деп есептейтін орыстардың бүгінгі мүсәпір халіне араша сұраған автор мақаласының соңына былай деп қол қояды: Н. Иванов, ұлты бойынша – орыс, діни сенімі жөнінен – православ, туу құқы бойынша – КСРО азаматы, Сіздің арқаңызда – Отансыз адам (Иванов Н., 1991).

Мұндай мақалаларды Өскеменнің көзі қарақты орыс-қазағы түгел оқиды. Сондықтан «Дидар» газетінің редакция алқасы Н. Ивановтың жоғарыдағы ашық хатын еш өзгеріссіз орыс тілінде толық жариялап, оған екі тілде бірдей жазатын ардагер журналист М. Мусиннің «Покрасовался – и отошел?» деген тақырыптағы жауап хатын да орысша жариялады. Аузына келгенін ірікпеген, «тарихтан хабары мол» депутат Ивановқа Меңғали Мусин нақты да тұжырымды фактілермен, көкейге қонымды пайымдауларымен жан-жақты жауап берді. «Егер Н. Иванов шынымен тарихтың білгірі болса «мызғымас Одақтың» да «темір мен қанның» күшімен құрылғандығы жайлы ақиқатқа таласпайтын болар. Осы жағдайдың өзі ғана бостандықты, өзін өзі айқындауды аңсаумен, нақты уақыты келгенше марғау жатқан халықтың бұлқынған күшінің бөгеуін ағытып жіберді...». «Өскемендегі халықтың он пайызынан сәл ғана артық қазақтар тарапынан Иванов қандай жаулық, қандай жәбір көрді?..». «...Күшпен ұжымдастыру геноцидіне ұшыраған қазақ халқы 30-жылдары өз санының жартысынан айырылды. Жағдайдың одан әрі ушығуы бүкіл ұлттың құрып кетуімен пара-пар саналатын ана тілінен айрылып қалу қаупін туғызды. Қазірдің өзінде қазақтардың 40 пайызы ана тілін білмейді. Тілдер туралы



заң, міне, осындай біртіндеп құрып кету процесін тоқтатуға үндеді...». Н. Ивановтың жүрегі қыжылдатып жүрген отыз сұраққа да М.Мусин жеріне жеткізе жауап беріп, мақаласын былай аяқтайды: «...Что ж, красоваться можно – и бранью в адрес Президентов – время-то для «смельчаков» какое наступило! И велеречивостью с трибун, и эрудицией, которую пусть даже нахватал с вершков. Покрасовался – и отошел. Но как это отразится на общественном сознании, настроении людей? Неправда, что все сорное сознание отторгает. Самые живучие всходы дает сорняк» (Мусин М., 1991. Осы мазмұндас көп мақаланың біреуіне ғана толығырақ тоқталғанымыз – басылымдар бетінде жиі көрінетін мұндай кереғар жарияланымдар сол кезеңдегі шын мәніндегі аяусыз ақпараттық айқастың бір көрінісі болып табылады.

**Қорытынды, тұжырым.** Жалпы, «төртінші билік» деп аталатын баспасөз өкілдерінің қоғамдағы өзгерістерге тигізер әсері орасан зор. Журналист баспасөз бетіндегі мақалалары арқылы қоғамдық сананың қалыптасуына өзіндік үлес қосады, белгілі бір мәселеге бұқараның назарын аударып, сол мәселе төңірегінде пікір туғызады, ұсыныс айтады. Ел тәуелсіздігі жолындағы «Дидар» газетінің бетіндегі ақпараттық айқас осындай болған еді. Тәуелсіздік ешқандай қақтығыссыз, өздігінен орнай қалған жоқ...

Егемендік нәтижесінде сөз бостандығы, іс-қимыл еркіндігі сияқты демократиялық ұғымдар іске асырылып, оның заңдылық-құқықтық негіздері қаланды. Бұқаралық ақпарат құралдарының ісіне мемлекеттің араласуы біршама кеміп,

олар дербестікке қол соза бастады. Қазақ тілді басылымдардың да ең бір «дәуірлеу» кезеңі осы Егемендіктің, Тәуелсіздіктің ең алғашқы қалыптасу кезеңдеріне, қоғамдағы демократиялық қайта құрулар кезеңіне тұспа-тұс келді. Бұқаралық ақпарат құралдары, оның ішінде шығысқазақстандық «Дидар» сияқты жергілікті баспасөз де бүгінгі күні тарихқа айнала бастаған сол бір кезеңнің өздеріне артқан салмақты жүгін жауапкершілікпен көтере білді деп айту ләзім.

Осыдан отыз жыл бұрын, мұнай, газ және басқа да пайдалы қазбалардың бай және игерілмеген қорлары мол, жер көлемі жағынан екінші кеңестік республика Қазақстан туралы батыстың аз ғана адамдары білетін еді... Бүгінгі таңда Қазақстан өзінің үлкен территориясымен, мұнай-газ қорымен және маңызды орналасқан жерімен Америка Құрама Штаттары үшін, оның батыстық одақтастары және екі қуатты көршісі – Қытай мен Ресей үшін көзге көрінер стратегиялық маңызға ие болды. «Бұрынғы Кеңес Одағы елдеріндегі азаматтық және әскери ядролық салалардағы қауіпсіздікті арттыру бағытында елеулі жұмыстар атқаруда... Қазақстандықтар атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік белгілеген қауіпсіз сақтау стандартын қамтамасыз ету бағытында АҚШ-тан да жұмысты бастауын өтінді» (Далиелл Т., 1995. 47). Демек, көзге көрінетін аяусыз ақпараттық айқастың, көзге көрінбейтін сындарлы саясаттың күшімен тәуелсіз, егеменді ел болған Қазақстанмен бүгінгі күні әлемнің алдыңғы қатарлы алпауыт мемлекеттері де санасады, тең дәрежеде іскерлік қарым-қатынас жасайды. Бұл – Тәуелсіздіктің жемісі, еліміз үшін баянды болғай деп тілейік!

#### Әдебиеттер

- Аллабергеноұлы Д. Аязда қалған гүл еді ол // Дидар. – 2003. – 13 желтоқсан.  
 Асқабылов А. Баламды тауып беріңдер // Дидар. – 1991. – 28 қыркүйек.  
 Бапинов Т. Азаттық алаушылары // Дидар. – 2002. – 14 желтоқсан.  
 Dalyell T. Keeping the Nasties under Lock and Key. New Scientist – 1995 – February 4 – pg.47  
 Dinç, Deniz M.A., Nationality policies in post-soviet Kazakhstan. Ed. I. Bremmer and R. Taras – Cambridge, U.K.: Cambridge Univ. Press, 1997 – pg. 556.  
 Дүйсенбаев С. Бірде-бір ядролық жарылыс болмасын! // Дидар. – 1990. – 11 қыркүйек.  
 Иванов Н. Я терпел и молчал // Дидар. – 1991. – 19 декабрь.  
 Кекілбаев А. Суровые испытания накануне перемен // Казахстанская правда. – 1996. – 12 декабрь.  
 Кенжегулова Н. Освещение декабрьского восстания 1986 г. в печати Казахстана: дис. канд. филол. наук: 10.01.10. – Алматы, 2000. – С. 35.  
 Қаңтарбаев Ә. Көз алдымда желтоқсан жаңғырады // Дидар. – 2002. – 14 желтоқсан.  
 Құмарбеков М. Тарихи шындықты бұрмалау кімге қажет? // Коммунизм туы. – 1990. – 13 қараша.  
 Құрманбаева А. Қазақ баспасөзіндегі Арал және Семей экологиясы проблемаларының жазылуы: филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.10. – Алматы, 2002. – 57 б.  
 Мусин М. Покрасовался – и отошел // Дидар. – 1991. – 19 декабрь.  
 Нұржақыпов Қ. Нақтылы деректерге жүгінсек // Коммунизм туы. – 1991. – 20 сәуір.

Olcott M.B. Kazakhstan: Pushing for Eurasia New States, New Politics. Ed. I. Bremmer and R. Taras – Cambridge, U.K.: Cambridge Univ. Press, 1997 – pg. 556

Olcott M., Kazakhstan. Unpaved Path. Washington DC, 2003, Carnegie Endowment for International Peace, pg. 354

Ryuel R. Khenks., Stop the dictatorship. – 2005, 179.

Шаханов М. Желтоқсан анатомиясы // Жалын. – 2004. – № 5. – 93 б.

Шаяхметов М., Құмарбеков М. Тәлкекке түскен тағдыр // Дидар. – 1991. – 27 наурыз.

Ысқақов А. Ауыл неге дүрлікті // Дидар. – 1991. – 26 тамыз

#### References (articles):

Allabergenuly D. *Ayazda kalgan gul edi ol* [Flower left in the frost] Didar 2003, December 13

Askabylov A *Balamdy tayup berinder* [Find my child] Didar 1991, September 28

Варинов Т *Azattik alaushilary* [Firstborns of the freedom] Didar 2002, December 14

Dalyell T. *Keeping the Nasties under Lock and Key*. New Scientist – 1995 – February 4 – pg.47

Dinç, Deniz M.A., *Nationality policies in post-soviet Kazakhstan*. Ed. I. Bremmer and R. Taras – Cambridge, U.K.: Cambridge Univ. Press, 1997 – pg. 556

Duisenbayev S. *Birde-bir yadrolyk zharylys bolmasyn!* [Prevent all outbreaks!] Didar 1990, September

Ivanov N. *Ya terpel i molchal* [I suffered and kept silent] Didar 1991, December 19

Kekilbayev A. *Suroviye ispytaniya nakanune peremen* [Ordeals on the threshold of changes] Kazakhstanskaya Pravda 1996, December 12

Kenzhegulova N. *Osvehcenie dekabrskogo vosstania 1986 g. v pechati Kazakhstana* [December 1986 riots in the press of Kazakhstan] Thesis work of the Cand. Sc. Philology 10.01.10. Almaty 2000 - pg. 35

Kantarbayev A. *Koz aldymda zheltoksan zhangyrady* [Seeing December events] Didar 2002, December 14

Kumarbekov M. *Taryhy shyndyky burmalau kimgе kazhet?* [Who needs falsified truth?] Kommunizm Tuiy 1990, November 13

Kurmanbayeva A. *Kazak baspasozindegi Aral zhane Semeiekologyasi problemalarinin zhazylui* [Environmental issues of Aral and Semei on the pages of Kazakh mass media] Thesis work of the Cand. Sc. Philology 10.01.10. Almaty 2002 - pg. 57

Musin M. *Pokrasovalsya i otoshyol* [Showed off and left] Didar 1991, December 19

Nurzhakypov K. *Naktili derekterge zhuginsek* [Let us address true facts] Kommunizm Tuiy 1991, April 20

Olcott M.B. Kazakhstan: Pushing for Eurasia New States, New Politics: [Building the Post-Soviet Nations] Ed. I. Bremmer and R. Taras – Cambridge, U.K.: Cambridge Univ. Press, 1997 – pg. 556

Olcott M., *Kazakhstan. Neproidenny Put.* [Kazakhstan. Unpaved Path.], Washington DC, 2003, Carnegie Endowment for International Peace, pg. 354

Ryuel R. Khenks., *Stop the dictatorship* [Ostanovit diktaturu], - 2005, 179.

Shakhanov M. *Zheltoksan anatomyiasi* [Anatomy of December] Zhalyn 2004 - No. 5 – pg. 93

Shayakhmetov M., Kumarbekov M. *Talkekke tusken tagdyr* [Mockery of fate] Didar 1991, March 27 1991, April 20

Iskakov A. *Auyl nege durlikti* [Why a village got dismayed?] Didar 1991, August 26